

Always here to help you

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome


SCD603




PHILIPS
AVENT

I

a		e	
b		f	
c		g	
d		h	
		i	



II



Мазмұндар кестесі

1	Кіріспе	3
2	Жалпы сипаттама	3
3	Пайдалануға дайындау	4
4	Құралды пайдалану	6
5	Мүмкіндіктер	9
6	Тазалау және күтім жасау	13
7	Сақтау	13
8	Қосалқы құралдарға тапсырыс беру	13
9	Кепілдік және қызмет көрсету	13
10	Жиі қойылатын сұрақтар	14

I Кіріспе

Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips AVENT компаниясына қош келдіңіз! Philips AVENT ұсынатын қолдауды толығымен қолдану үшін өнімді www.philips.com/welcome сайтында тіркеңіз.

Philips AVENT бейне монитормы тәулік бойы қолдаумен қамтамасыз етіп, нәрестені күндіз де, түнде де үйдің кез келген жерінен қадағалауға мүмкіндік береді. Ең соңғы сандық технология кристалды таза дыбыспен қамтамасыз етеді және нәрестенің бейнесін барынша анық етіп көрсетеді. Осының арқасында нәресте бөлмесіне кіріп, оның ұйқысын бұзбай-ақ нәрестенің қауіпсіздікте екеніне көз жеткізуге мүмкіндігіңіз болады.

2 Жалпы сипаттама

• I Ата-ана модулі

- 1 Антенна
- 2 Батарея/қуат қосылғанын көрсететін шам
- 3 Дауыспен қосылу шамы
- 4 Жарық деңгейін реттеуші түймелер
- 5 Бейне дисплей - белгіше түсіндірмесі
 - а. Ата-ана модулі және нәресте модулі байланыстырылмаған
 - б. Батарея күйі
 - с. Сигнал күші таңбасы
 - d. Дыбыс деңгейінің жолағы
 - е. Жарықтық деңгейінің жолағы
 - f. Бесік жыры нөмірлері
 - g. «Бесік жырын қайталау» таңбасы
 - h. Дауыспен іске қосу таңбасы
 - i. «Дыбыс өшірілген» таңбасы
- 6 Дыбыс деңгейін арттыру және төмендету түймелері
- 7 Дауыс деңгейін білдіретін жарық
- 8 Құралды тоққа қосуға арналған ұя
- 9 Дауыс зорайтқыш
- 10 Батарея орнының қақпағы
- 11 Қысқыш/қондырғы
- 12 Қосу/өшіру түймесі
- 13 Дауыспен қосылу түймесі
- 14 Бесік жырын ойнату /тоқтату түймесі
- 15 Келесі бесік жыры түймесі
- 16 Қайта зарядталатын батарея
- 17 Адаптер
- 18 Құралдың штепсельдік ұшы

• II Нәресте модулі

- 1 Антенна
- 2 Қуат шамы
- 3 Микрофон
- 4 Объектив
- 5 Дауыс зорайтқыш
- 6 Тұғыр
- 7 Түнгі жарық және түнгі жарық түймесі
- 8 Қабырғаға бекіту тесіктері
- 9 Батарея орнының қақпағы
- 10 Құралды тоққа қосуға арналған ұя
- 11 Қосу/өшіру қосқышы
- 12 Құралдың штепсельдік ұшы
- 13 Адаптер

3 Пайдалануға дайындау

МАҢЫЗДЫ: нәресте бейне мониторын қолданар алдында маңызды қауіпсіздік нұсқауларын мұқият оқып шығып, болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.


Осылайша, Philips Electronics UK Limited компаниясы осы Нәресте мониторының I999/5/EC директивасының негізгі талаптарына және басқа маңызды нұсқауларына сай келетіндігін мәлімдейді. EC Сәйкестік мәлімдемесінің (DoC) көшірмесі CDROM дискісінде немесе мына веб-торапта бар: www.philips.com/support.

3.1 Нәресте бөлігі

Нәресте модулін электр розеткасына жалғап қолданыңыз. Электр қуаты үзілген жағдайда қуаттың автоматты түрде сақталуын қамтамасыз ету үшін қайта зарядталмайтын батареяларды салу ұсынылады.

3.1.1 Ток көзінен жұмыс жасау

1 Құрал ашасын нәресте бөлігіне, ал адаптерді қабырғадағы розеткаға қосыңыз.



3.1.2 Қайта зарядталмайтын батареяларды салу

Желі істен шыққан жағдайда, нәресте құрылғысы төрт 1.5В R6 AAA батареясынан (қамтылмаған) жұмыс істей алады. Қайта зарядталатын батареяларды пайдаланбаңыз. Нәресте модулінде зарядтау функциясы жоқ және қайта зарядталатын батареялар пайдаланылмаған кезде зарядын баяу жоғалтады.


⚠ Абайлаңыз:

Нәресте бөлігін ток көзінен ажыратып, қайта зарядталмайтын батареяларды салар алдында қолдарыңыз бен құрылғының құрғақ екендігін тексеріңіз.


ⓘ Ескертпе:

Түнгі жарық қосулы күйде қайта зарядталмайтын сілтілі батареялармен пайдаланғанда, нәресте модулі 3 сағат жұмыс істейді.

1 Батарея бөлігінің қақпағын алыңыз.




2 Төрт зарядталмайтын сілтілі батареяны салыңыз.



⚠ Ескертпе:

- және + жақтары дұрыс бағытта екендігін тексеріңіз.

3 Қақпақты жабыңыз.




3.2 Ата-аналар бөлігі

3.2.1 Қайта зарядталатын батарея қызметі

⚠ Абайлаңыз:


Ата-аналар бөлігін ток көзінен ажыратып, қайта зарядталмайтын батареяларды салар алдында қолыңыз бен құрылғының құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.

- Қайта зарядталатын литий-иондық полимер 1100 мАс батареясы.
- Ата-ана модулін бірінші рет пайдалану алдында немесе ата-ана модулін батарея заряды төмен екенін көрсеткенде зарядтаңыз.
- Бейне дисплейде бос батарея таңбасы жыпылықтағанда және ата-ана модуліндегі батарея/қуат қосулы жарығы қызыл түспен жыпылықтағанда батарея заряды төмен болады.


**⚠ Ескертпе:**

Егер батарея толығымен отырса, ата-аналар бөлігі автоматты түрде сөніп, нәресте бөлігімен байланысын жоғалтады.

1 Батарея салатын орынның қақпағын төмен қарай сырғытып ашыңыз.




2 Қайта зарядталатын батареялар топтамасын салыңыз.


**⚠ Ескертпе:**

- және + жақтары дұрыс бағытта екендігін тексеріңіз.


3 Қақпақты жабыңыз.



- 4 Құрал ашасын ата-ана модуліне кіргізіп, адаптерді розеткаға қосыңыз.



- Ата-ана модуліндегі батарея/қуатты қосу шамы жасыл болып жанады. Бейне дисплейінің жоғарғы жағында анимациялы батареяны зарядтау суреті пайда болады.



- Батарея толық зарядталғанда, бейне дисплейінің жоғарғы жағындағы батарея таңбасы толық болады.
- Ата-ана модулін бірінші рет немесе ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін зарядтасаңыз, оны өшіріңіз және оны кемінде 4 сағат бойы үздіксіз зарядтаңыз.
- Әдетте зарядтауға 2,5 сағат кетеді, бірақ ата-ана модулі зарядталып жатқанда қосулы болса, онда ұзағырақ уақыт кетеді. Зарядталу уақытын қысқарту үшін зарядтау кезінде ата-ана модулін өшіріп қойыңыз.

- Қайта зарядталатын батарея толық зарядталғанда, ата-ана модулін дауыспен іске қосу режимінде болса шамамен 7 сағат бойы сымсыз пайдалануға болады. Егер бейне дисплейі үздіксіз қосулы болса, ата-ана модулін шамамен 5,5 сағат бойы әдепкі параметрде сымсыз пайдалануға болады.

ⓘ Ескертпе:

Ата-ана модулін бірінші рет зарядтағанда, жұмыс уақыты 7 сағаттан аз болады. Қайта зарядталатын батарея өзінің толық сыйымдылығына тек төрт заряды біту және зарядтау циклынан кейін жетеді.

ⓘ Ескертпе:


Ата-аналар бөлігі сөндірулі тұрған жағдайда да батареялары біртіндеп отыра бастайды.

ⓘ Ескертпе:

Ата-ана модулін түні бойы ток желісіне қосып пайдалануға кеңес береміз. Ата-аналар бөлігі батареясының қуаты таусылса, батарея қуаты аз ескертуі сигнал ойнатып, бұл сізді оятуы мүмкін.


4 Құралды пайдалану

- 1 Байланысты тексеру үшін, ата аналар бөлігі мен нәресте бөлігін бір бөлмеге қойыңыз.




Нәресте модулі ата-ана модулінен кемінде 1,5 метр/5 фут алыс болуын қамтамасыз етіңіз.

- 2** Нәресте модуліндегі қосу/өшіру қосқышын ON (ҚОСУЛЫ) күйіне орнатыңыз.




- Қуатқа қосылды деген қызыл жарық жанады.




⚠ Ескертпе:

Қуат қосулы дегенді білдіретін жарық әрдайым жасыл болып жанады, тіпті ата аналар бөлігімен байланыс орнатылмаған болса да.


- 3** Ата-ана модуліндегі қосу/өшіру түймесін басып тұрыңыз.



- Бейне дисплейі жапың, дисплейде жыпылықтаған сурет пайда болады.




- Байланыс орнатылғанда, бейне дисплейде нәресте көрсетіледі және сигнал күші таңбасы көрсетіледі.



⚠ Кеңес

Сигнал күші таңбасына қарау арқылы ата-ана модулі үшін ең жақсы орынды табыңыз. Жолақтардың саны байланыс сапасын көрсетеді.

- Егер байланыс орнату мүмкін болмаса, ата-ана модулі дыбыстық сигнал шығарып, дисплейде «ауқымнан тыс» деген сурет көрсетіледі.



4.1 Нәресте мониторын орнықтыру


Абайлаңыз:

Нәрестеге арналған бөлікті баланың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Нәресте бөлігін бөпе төсегіне немесе манежге қоюға және орнатуға болмайды.

Ескертпе:


2,4 ГГц жиілікте жұмыс істейтін сымсыз телефонды, сымсыз бейнені, Wi-Fi желісін, микротолқынды пешті немесе Bluetooth функциясын пайдалансаңыз және ата-ана модулінде немесе нәресте модулінде кедергілер болса, ата-ана модулін кедергі жоқ болғанша ары жылжытыңыз.

- 1 Дыбысты оңтайлы анықтау үшін нәресте модулін нәрестеден кемінде 1 метр (3,5 фут) алыс орнатыңыз, бірақ 1,5 метрден (5 футтан) алыс орнатпаңыз.



- 2 Нәресте модулін орналастырудың екі жолы бар:

- 1 Нәресте модулін тұрақты, тегіс және көлденең жерге орнатыңыз.
- 2 Нәресте модулін қабырғаға суретте көрсетілгендей берілген бұрандалармен бекітіңіз.




Кеңес

Қабырғада бұранда тесіктерінің дәл орнын белгілеу үшін берілген үлгіні пайдаланыңыз.

Кеңес

Нәресте төсегінің немесе манеж көрінісін толық қамту үшін, нәрестеге арналған бөлікті жоғарырақ биіктікке орнатыңыз.


- 3 Нәресте модулін нәрестенің ең жақсы көрінуін қамтамасыз ететіндей реттеңіз.



Абайлаңыз:

Нәресте модулін микрофонын тым төмен бағыттап қоймаңыз, өйткені бұл микрофонның дыбыстарды дұрыс қабылдауына кедергі келтіруі мүмкін.

- 4 Ата-ана модулін нәресте модулінің жұмыс ауқымының ішінде қойыңыз. Акустикалық шуларды болдырмау үшін оның нәресте модулінен кемінде 1,5 метр (5 фут) алыс екенін тексеріңіз.



Жұмыс жасайтын аймақ жөнінде толығырақ ақпарат алу үшін, «Жұмыс жасау аймағы» тармағын қараңыз.


4.1.1 Жұмыс жасау аймағы

Нәресте мониторының жұмыс ауқымы — ашық ауада және көру аясында 150 метр (490 фут). Іште жұмыс ауқымы — 30 метрге (98 футқа) дейін. Қоршаған нәрселерге және басқа кедергі жасайтын факторларға байланысты бұл ауқым кішірек болуы мүмкін.

Сулы немесе дымқыл материалдардан байланыс аймағы толығымен жоғалуы мүмкін.

Құрғақ материалдар	Материалдар қалыңдығы	Байланысты жоғалту
Ағаш, гипс, картон, әйнек (металы жоқ, сым немесе қорғасын)	< 30 см (12 дюйм)	0-10%
Кірпіш, желімделген фанер	< 30 см (12 дюйм)	5-35%
Темірбетон	< 30 см (12 дюйм)	30-100%
Металл торлар мен кесектер	< 1 см (0,4 дюйм)	90-100%
Металл немесе алюминий беттері	< 1 см (0,4 дюйм)	100%

- Дисплейде дыбыс деңгейі жолағы көрсетіліп, таңдалған дыбыс деңгейін көрсетеді.




⚠ Ескертпе:

Егер дауыс жоғарғы деңгейге орнатылса, онда бөлiктер көбірек қуат жұмсайды.

5.2 Экран жарықтығын реттеу

Ата-ана бөлiгі экранының жарықтық деңгейін қалаған деңгейге қоюға болады.

- 1 Бейні экранының жарықтық деңгейін реттеу үшін, ата-ана бөлiгіндегі жарық деңгейін реттегіш түймелерді басыңыз.



- Дисплейде дисплей жарықтығы жолағы көрсетіліп, таңдалған дисплей жарықтығын көрсетеді.




5 Мүмкіндіктер

5.1 Дауыс зорайтқыш дауысын тәртіпке келтіру

Ата-ана модулі динамигінің дыбыс деңгейін қажет деңгейге реттеуге болады.

- 1 Дыбыс деңгейін реттеу үшін дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту түймесін басыңыз.




Ескертпе:

Егер жарық жоғарғы деңгейге қойылса, онда ата-ана бөлігі көбірек қуат жұмсайды.

5.3 Дауыс деңгейін білдіретін жарық

Ата-ана модулі нәресте бөлмесіндегі дыбыс деңгейін үздіксіз бақылайды және дыбыс деңгейі жарықтары сізге қандай да бір әрекет бар-жоғын білуге мүмкіндік береді. Егер нәресте жыласа, ата-ана модулінде көк дыбыс деңгейі жарықтары жанады.


- Ешбір дыбыс анықталмағанда, дыбыс деңгейі жарықтары өшеді.
- Нәресте модулі дыбысты алғанда, ата-ана модуліндегі бір немесе бірнеше дыбыс деңгейі жарықтары қосылады. Қосылатын жарықтар саны нәресте модулі алған дыбыстың қаттылығына байланысты. Сондай-ақ, дыбыс деңгейі жарықтары ата-ана модулі төмен дыбыс деңгейіне орнатылғанда немесе дауыспен белсендіру режимі іске қосылғанда жанады (төмендегі «Дауыспен белсендіру» бөлімін қараңыз).




5.4 Дауыспен қосылу

Ата-ана модулі нәресте бөлмесіндегі дыбысты үздіксіз бақылайды. Дауыспен белсендіру режимі іске қосылғанда, бейне дисплей нәресте модулі дыбысты алғанда ғана қосылады. Ешбір дыбыс анықталмағанда, бейне дисплей қуатты үнемдеу үшін өшірілуі болады.

- 1** Дауыспен белсендіру режимін іске қосу үшін ата-ана модуліндегі дауыспен белсендіру түймесін басыңыз.



- *Ата-ана модуліндегі дауыспен іске қосу шамы жанып, бейне дисплейінде дауыспен іске қосу суреті пайда болады.*




- *Нәресте модулі дыбысты анықтағанда, ата-ана модуліндегі бейне дисплей автоматты түрде қосылып, нәрестені көрсетеді. 20 секунд бойы ешбір дыбыс анықталмаса, бейне дисплей қайтадан өшеді.*


- 2** Дауыспен іске қосу режимін ажырату үшін, ата-ана модуліндегі дауыспен іске қосу түймесін тағы басыңыз. Дауыспен іске қосу шамы өшіп, дисплейде «дауыспен іске қосу өшірілуі» суреті пайда болады.

5.5 Түнгі жарық

- 1** Түнгі жарықты қосу үшін нәресте модулінің негізіндегі түнгі жарық түймесін басыңыз.




- *Нәресте модулінің негізіндегі түнгі жарық қосылады.*



- 2 Түнгі жарықты сөндіру үшін, түнгі жарық түймесін қайта басыңыз.


5.6 Бесік жыры функциясы

- 1 Бесік жырын ойнату үшін ата-ана модуліндегі ойнату/тоқтату түймесін басыңыз.




- *Нәресте модулінде бесік жыры ойнатыла бастайды және шамамен 15 минут бойы үздіксіз қайталанады. Бейне дисплейде қай бесік жыры нөмірі ойнатылып және қайталанып жатқанын көресіз. Бұл нөмір көк шаршыда көрсетіледі.*

- 2 Басқа бесік жырын таңдау үшін бесік жыры түймесін басыңыз. Қажет бесік жырын естігенше «келесі бесік жыры» түймесін баса беріңіз.



ⓘ Ескертпе:



Сондай-ақ, бесік жырларының барлығын қайта-қайта ойнату үшін қайталау таңбасын таңдауға болады.

- 3 Таңдалған бесік жырын ойнату үшін ата-ана модуліндегі бесік жырын ойнату/тоқтату түймесін басыңыз.

- *Нәресте модулінде бесік жыры ойнатыла бастайды және үздіксіз қайталанады.*

ⓘ Ескертпе:

Егер қайталау режимін таңдаған болсаңыз, үш бесік жырының барлығы қайта-қайта ойнатылады.

- 4 Бесік жырын тоқтату үшін бесік жырын ойнату/тоқтату түймесін қайтадан басыңыз.

5.7 «Жұмыс істеу аймағынан тыс» дабылы

Ата-ана модулі нәресте модулінің ауқымынан тыс кезде ата-ана модулі 20 секунд сайын дыбыстық сигнал шығарады және бейне дисплейінде «ауқымнан тыс» суреті көрсетіледі.

ⓘ Ескертпе:

Сондай-ақ, нәресте модулі өшірілгенде, ауқымнан тыс екені туралы ескерту белсенді болады.

5.8 Түнгі көрініс


Камерада нәрестені қараңғы бөлмеде де көруге мүмкіндік беретін инфрақызыл шамдар бар. Камера төмен деңгейлі жарықты анықтағанда, инфрақызыл шамдар автоматты түрде қосылады. Анық көріну үшін нәресте модулін нәрестеден 1 - 1,5 метр/3,5 - 5 фут қашықтыққа қойыңыз.

ⓘ Ескертпе:


Инфрақызыл шамдар қосылу кезде дисплей қара және ақ түсті болады. Дегенмен, кейде жасыл суретті көруге де болады. Бұл сыртқы жарық көздеріне байланысты қалыпты жағдай болып табылады.

5.9 Қысқыш/қондырғы

- Ата-ана рациясының қайта зарядталатын батареясы жеткілікті зарядталғанда, рацияны өзіңізбен бірге үй ішінде және сыртында белдікке немесе белге белдік қыстырмасымен қыстырып алуға болады. Осылайша басқа жақта жүріп, нәрестені қадағалауға мүмкіндік аласыз.



- Белдік қысқышын тұрақ ретінде пайдалану үшін оны ата-ана модулі оған түскенше төмен бұрыңыз.



5.10 Авто үнді өшіру мүмкіндігі

Нәресте модулі төмен дыбыс деңгейін анықтағанда, мысалы, нәрестенің ұйықтап жатқанда шығаратын дыбысын, ата-ана модулі бұл дыбыс естілмеуі үшін дыбыс шығысының үнін автоматты түрде өшіреді. Нәресте жылай бастағанда, ата-ана модулі жылау дыбысын естуге мүмкіндік беру үшін дыбысты қайтадан автоматты түрде қосады.

5.11 Қалпына келтіру мүмкіндігі

Бұл мүмкіндік сізге ата-ана модулінің параметрлерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. «Жиі қойылатын сұрақтар» тарауындағы ұсыныстарды орындау арқылы шешу мүмкін емес мәселелер орын алса, осы функцияны пайдалануға болады.

- Оны өшіру үшін ата-ана модуліндегі қосу/өшіру түймесін басып тұрыңыз.
- Дыбыс деңгейін төмендету түймесін басып тұрыңыз да, бір уақытта дыбыстық сигнал естіліп, ата-ана модулі қайта қосылғанша қосу/өшіру түймесін басып тұрыңыз.
 - Енді ата-ана модулінде әдепкі зауыттық параметрлер қалпына келтірілді.**

5.11.1 Алдын ала орнатылған бағдарлама

- Дауыс зорайтқыш деңгейі: 3.
- Дауысты белсендіру өшірулі
- Дисплей жарықтығы: 4

6 Тазалау және күтім жасау

Абайлаңыз:

Нәресте және ата аналар бөліктерін ешқашан суға батырмаңыз және оларды ағын су астында тазаламаңыз.

Абайлаңыз:

Тазалау спрейін немесе сұйық тазалағыштарды пайдаланбаңыз.

- 1 Нәресте модулін және ата-ана модулін өшіріп, адаптерлерді қабырға розеткасынан суырыңыз.
- 2 Ата-ана модулін және нәресте модулін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Ескертпе:

Нәресте бөлігіндегі линзада саусақ ізі немесе кір болса, ол камераның жұмысына кедергі болады. Линзаға саусақ тигізбеуге тырысыңыз.

Абайлаңыз:

Розеткаға қосу алдында ата-ана бөлігі мен нәресте бөлігі құрғақ болу керек.

- 3 Адаптерды құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

7 Сақтау

Нәресте мониторын біраз уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, нәресте бөлігіндегі қайта зарядталмайтын батареяларды және ата-аналар бөлігіндегі қайта зарядталатын батареяларды алып қойыңыз. Ата-ана бөлігін, нәресте бөлігін және адапторларды салқын және құрғақ жерде сақтаңыз.

8 Қосалқы құралдарға тапсырыс беру

Бұл құрылғыға қосалқы құралдар сатып алу үшін, www.shop.philips.com/service мекенжайындағы онлайн-дүкенімізге кіріңіз. Онлайн-дүкен қызметін пайдалану еліңізде мүмкін болмаса, Philips дилеріне немесе Philips қызмет көрсету орталығына барыңыз. Құрылғы үшін қосалқы құралдар алуда қиындықтар болса, еліңіздегі Philips Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Бұл байланыс мәліметтерін дүниежүзілік кепілдік кітапшасынан табасыз.

9 Кепілдік және қызмет көрсету

Егер қызмет немесе ақпарат қажет болса, не болмаса бір шешілмеген мәселе болса, www.philips.com/AVENT мекенжайындағы Philips AVENT веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Телефон нөмірін дүниежүзілік кепілдік кітапшасынан табасыз. Еліңізде Тұтынушыларды қолдау орталығы болмаған жағдайда жергілікті Philips дилеріне барыңыз.

10 Жиі қойылатын сұрақтар

Бұл тарауда жабдық туралы ең жиі сұралатын сұрақтар тізілген. Сұраққа жауапты таба алмасаңыз, жиі қойылатын сұрақтарды көру немесе еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласу үшін www.philips.com/support бетіне кіріңіз.

Құрылғыларды қосу/жалғау

Неге осы құрылғыны сөндіргеннен кейін ата-ана немесе нәресте бөлігіндегі «Қуатқа қосулы» жарығы жанып тұра береді?

- Ата-ана модулінің қайта зарядталатын батареясы отырған және ата-ана модулі розеткаға қосылмаған болуы мүмкін. Құрылғы ашасын ата-ана модуліне қосып, адаптерді розеткаға қосыңыз. Ата-ана модулін қосу және нәресте модулімен байланыс орнату үшін қосу/өшіру түймесін басып тұрыңыз.
- Нәресте модулі желіге қосылмаған және нәресте модуліндегі қайта зарядталмайтын батареялар бос немесе нәресте модулінде қайта зарядталмайтын батареялар мүлде жоқ болар. Нәресте модулін желіге қосыңыз немесе нәресте модуліне жаңа қайта зарядталмайтын батареяларды салыңыз. Содан кейін ата-ана модулімен байланысты орнату үшін нәресте модулінің қосу/өшіру қосқышын ON (ҚОСУЛЫ) күйіне орнатыңыз.

Розеткаға қосқанда ата-ана модулі неге зарядталмайды?

- Қайта зарядталғыш батареяның пайдалану мерзімі шегіне жеткен болуы мүмкін. Қайта зарядталғыш батареяны ауыстырыңыз.
- Адаптер дұрыстап қосылмаған болар. Адаптердің розеткаға дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

Розеткаға қосқанда нәресте модулі неге зарядталмайды?

- Нәресте модулінде зарядтау функциясы жоқ. Нәресте модулін сымсыз пайдалану керек болса, нәресте модуліне жаңа қайта зарядталмайтын батареяларды салыңыз.

Неге байланыс орнатылмайды? Неге байланыс әлсін-әлсін жоғала береді? Неге дыбыс кедергілері болады?

- Нәресте модулі мен ата-ана модулі жұмыс ауқымының сыртқы шегіне жақын орналасқан болуы немесе дыбыс кедергісі жиілігі 2,4 Гц сымсыз құрылғылар әсерінен болуы мүмкін. Басқа орынға ауыстырып көріңіз, құрылғыларды бір-біріне жақындатыңыз немесе жиілігі 2,4 Гц болатын басқа сымсыз құрылғыларды сөндіріңіз. Құрылғылар арасында байланыс орнауына шамамен 5 секундтай уақыт кететінін ескеріңіз.
- Егер сізде екі нәресте мониторы болса, кедергі болмау үшін, оларды бір-бірінен кемінде 1,5 метр (5 фут) алыс қойыңыз.
- Нәресте модулі желіге қосылмаған және нәресте модуліндегі қайта зарядталмайтын батареялар бос немесе нәресте модулінде қайта зарядталмайтын батареялар мүлде жоқ болар. Нәресте модулін желіге қосыңыз немесе нәресте модуліне жаңа қайта зарядталмайтын батареяларды салыңыз. Содан кейін ата-ана модулімен байланысты орнату үшін нәресте модулінің қосу/өшіру қосқышын ON (ҚОСУЛЫ) күйіне орнатыңыз.

Тоқ қуаты болмай қалғанда не болады?

- Нәресте модулі қайта зарядталатын батареямен жұмыс істейтіндіктен, батарея жеткілікті зарядталған болса, ол жұмыс істеуін жалғастырады. Егер нәресте модуліне қайта зарядталмайтын батареяларды салсаңыз, камера жұмыс істей береді және нәрестені көре аласыз.

Неліктен нәресте бөлігіндегі қайта зарядталмайтын батареялар жылдам отырып қала береді.

- Бейне дисплей үздіксіз қосылған кезде, бесік жырларын ойнатқанда немесе түнгі жарық қосулы кезде нәресте модулі көп қуатты тұтынады. Нәресте модуліне әрқашан желіден қуат беру ұсынылады және батареяларды тек қосымша мақсатта пайдалану ұсынылады. Нәресте модуліне қайта зарядталатын батареяларды салмаңыз, өйткені олар тіпті пайдаланып жатпаған болса да зарядын баяу жоғалтады.

Неліктен ата-ана модулін зарядтау уақыты 2,5 сағаттан артады?

- Мүмкін ата аналар бөлігі зарядталып жатқанда қосулы шығар. Зарядтап жатқанда ата аналар бөлігін сөндіріп қойыңыз.

Неліктен нәресте модулін және оның сымын нәрестеден кемінде 1 метр/3,5 фут ары ұстау керек?

- Сыммен буынып қалмау және дыбысты оңтайлы анықтау үшін, әрқашан нәресте модулін және оның сымын нәрестеден кемінде 1 метр (3,5 фут) алыс қойыңыз.

Ата-ана модуліндегі көрсеткіштер

Неге ата-ана модулін зарядтай бастағанымда бейне дисплейде батарея күйі таңбасы көрсетілмейді?

- Ата-ана бөлігін алғаш рет немесе көптен бері қолдабай келіп зарядтағанда, ата-ана бөлігіндегі экранда батарея белгісі көрінгенше бірнеше минут өтуі мүмкін.

Неге бейне дисплейіндегі батарея/қуатты қосу шамы мен батарея таңбасы қызыл болып жыпылықтайды?

- Егер бейне дисплейіндегі батарея/қуатты қосу шамы мен батарея таңбасы қызыл болып жыпылықтаса, ата-ана модуліндегі зарядталатын батареяның заряды азайған. Батареяны зарядтау үшін ата-ана модулін электр розеткасына жалғаңыз («Пайдалануға дайындау» тарауын қараңыз).

Неліктен ата аналар бөлігі телеметрлік дыбысын шығарады?

- Егер ата-ана модулі бейне дисплейінде «ауқымнан тыс» суреті көрсетіліп тұрғанда дыбыстық сигнал шығарса, нәресте модулімен байланыс жоғалды. Ата-ана модулін нәресте модуліне жақынырақ жылжытыңыз.
- Егер бейне дисплейіндегі батарея/қуатты қосу шамы мен батарея таңбасы қызыл болып жыпылықтағанда ата-ана модулі дыбыстық сигнал шығарса, ата-ана модуліндегі зарядталатын батареяның заряды азайған. Батареяны зарядтау үшін ата-ана модулін электр розеткасына жалғаңыз («Пайдалануға дайындау» тарауын қараңыз).
- Мүмкін нәресте бөлігі сөнүлі шығар. Нәресте бөлігін қосыңыз.

Шу/дыбыс

Неліктен экран жағымсыз жоғары үн шығарады?

- Құрылғылар бір-біріне тым жақын болуы мүмкін. Ата-ана модулі мен нәресте модулі бір-бірінен кемінде 1,5 метр (5 фут) алыс болуын тексеріңіз және дыбыс деңгейін төменірек етіп орнатыңыз.
- Ата аналар бөлігіндегі дауыс деңгейі тым жоғары етіліп қойылған болар. Ата аналар бөлігінің дауыс деңгейін төмендетіңіз.

Нәресте модулінде бесік жырының дыбыс деңгейін көтеруге болады ма?

- Жоқ, болмайды.

Неліктен мен дыбыстарды естімеймін/ Неліктен мен нәрестемнің жылағанын естімеймін?

- Негізгі құрылғының дыбыс деңгейі тым төмен орнатылған болуы немесе өшірілген болуы мүмкін. Дыбыс деңгейін арттыру үшін дыбыс деңгейін арттыру түймесін басыңыз.
- Микрофоннан қорғағыш фольганы алмаған болуыңыз мүмкін. Бүкіл қорғағыш фольга алынғанын тексеріңіз.
- Дауыспен белсендіруді қосқан боларсыз. Егер дауыспен белсендіру іске қосылған болса, бейне дисплей нәресте модулі дыбысты алғанда ғана қосылады. Ешбір дыбыс анықталмағанда, бейне дисплей қуатты үнемдеу үшін өшірулі болады.
- Нәресте бейне мониториянда дыбыс автоматты түрде өшірілген болар. Нәресте модулі төмен дыбыс деңгейін анықтағанда, ата-ана модулі бұл дыбыс естілмеуі үшін дыбыс шығысының дыбысын автоматты түрде өшіреді. Нәресте жылай бастағанда, ата-ана модулі жылау дыбысын естуге мүмкіндік беру үшін дыбысты қайтадан автоматты түрде қосады.
- Нәресте модулі нәрестеден тым алыс болуы мүмкін. Буыну қаупін болдырмау үшін, нәресте модулінің нәрестеден 1,5 метрден (5 футтан) алыс болмауын, бірақ 1 метрден (3,5 фут) жақын болмауын қадағалаңыз.

Неліктен ата аналар бөлігі басқа дыбыстарды тым жылдам сезінеді?

- Нәресте бөлігі нәресте дыбысынан басқа дыбыстарды да қабылдайды. Нәресте бөлігін нәрестеге жақынырақ қойыңыз (дегенмен, кемінде 1 метр/3,5 фут ара қашықтықты сақтаңыз).

Неге ата-ана бөлігінен ызылдаған дауыс шығады?

- Ана құрылғысы нәресте модулінің ауқымынан тыс кезде кедергілер орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, кедергілер ата-ана модулі мен нәресте модулі арасында қабырғалар немесе төбелер тым көп болғанда я болмаса басқа 2,4 ГГц сымсыз құрылғылар қосылғанда (мысалы, микротолқынды пеш, Wi-Fi маршрутизаторы) орын алуы мүмкін. Ата-ана модулін басқа, нәресте модуліне жақынырақ орынға қойыңыз немесе сымсыз құрылғыларды өшіріңіз.
- Ата-ана бөлігінің қайта зарядталғыш батареяларын зарядтап отыру керек.

Жұмыс уақыты/жұмыс ауқымы

Нәресте мониторияның көрсетілген жұмыс ауқымы — сыртта 150 метрге/490 футқа дейін және іште 30 метрге/98 футқа дейін. Неліктен нәресте мониторым бұдан әлдеқайда аз қашықтықта жұмыс істейді?

- Көрсетілген 150 метр (490 фут) жұмыс ауқымы тек сыртта ашық ауада және көру аясында жарамды. Қоршаған нәрселерге және басқа кедергі жасайтын факторларға байланысты жұмыс ауқымы кішірек болуы мүмкін. Үйдің ішінде, жұмыс ауқымын ата-ана модулі мен нәресте модулі арасындағы қабырғалардың және/немесе төбелердің саны және түрі шектейді

Ата-ана модулінің жұмыс уақыты кемінде 5,5 сағат болуы керек деп күтіледі.

Неліктен мендегі ата-ана модулінің жұмыс уақыты қысқарақ?

- Ана құрылғысын бірінші рет зарядтағанда, жұмыс уақыты қысқарақ болады, өйткені батарея әлі толық сыйымдылығына жетпеген. Қайта зарядталатын батарея өзінің толық сыйымдылығына тек төрт заряды біту және зарядталатын батарея кейін жетеді. Бұдан кейін, жұмыс уақыты дауыспен белсендіру өшірілмеген болса 5,5 сағат және дауыспен белсендіру режимі іске қосылған болса 7 сағат болады.
- Бейне дисплей үздіксіз қосулы кезде ата-ана модулі көп қуатты тұтынады. Жұмыс уақытын арттыру үшін дауыспен белсендіру режимін іске қосыңыз («Мүмкіндіктер» тарауын, «Дауыспен белсендіру» бөлімін қараңыз).
- Ата аналар бөлігіндегі дауыс деңгейі тым жоғары деңгейге қойылған болар, сондықтан ата аналар бөлігі көп энергия жұмсап жатыр. Ата аналар бөлігіндегі дауыс деңгейін төменірек қойыңыз
- Барлық басқа зарядталатын электрондық құрылғы сияқты ұзақ қолданыстан кейін батарея сыйымдылығы азаяды. Қандай да бір сұрақтарыңыз болса, тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласуыңызға болады. Жаңа зарядталатын батарея сатып алу үшін Philips онлайн дүкеніне кіріңіз: www.shop.philips.com/service.

Неліктен ата аналар бөлігінде кедергілер пайда болады?

- Ана құрылғысы нәресте модулінің ауқымынан тыс кезде кедергілер орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, кедергілер ата-ана модулі мен нәресте модулі арасында қабырғалар немесе төбелер тым көп болғанда я болмаса басқа 2,4 ГГц сымсыз құрылғылар қосылғанда (мысалы, микротолқынды пеш, Wi-Fi маршрутизаторы) орын алуы мүмкін. Ата-ана модулін басқа, нәресте модуліне жақынырақ орынға қойыңыз немесе сымсыз құрылғыларды өшіріңіз.

Шығыс бейне дисплейі

Неге бейне экраны анық көрсетпейді?

- Ана құрылғысы нәресте модулінің ауқымынан тыс кезде кедергілер орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, кедергілер ата-ана модулі мен нәресте модулі арасында қабырғалар немесе төбелер тым көп болғанда я болмаса басқа 2,4 ГГц сымсыз құрылғылар қосылғанда (мысалы, микротолқынды пеш, Wi-Fi маршрутизаторы) орын алуы мүмкін. Ата-ана модулін басқа, нәресте модуліне жақынырақ орынға қойыңыз немесе сымсыз құрылғыларды өшіріңіз.
- Ата-ана бөлігінің қайта зарядталғыш батареяларын зарядтап отыру керек.

Батарея/қуат қосулы жарығы қосулы кезде неліктен бейне дисплейде ешбір сурет жоқ?

- Ата-ана модулі дауыспен белсендіру режимінде болуы мүмкін. Бейне дисплейді қосу үшін дауыспен белсендіру түймесін қайтадан басыңыз.

Неге экрандағы бейне анық көрінбейді?

- Дисплей жарықтығы тым төмен орнатылған болуы мүмкін. Дисплей жарықтығын арттырыңыз («Мүмкіндіктер» тарауын, «Дисплей жарықтығын реттеу» бөлімін қараңыз).
- Бейне дисплейден қорғағыш фольга алынбаған болуы мүмкін. Қорғағыш фольганы алыңыз.

Неліктен ата-ана модулі дауыспен белсендіру режимінде жұмыс істемейді?

- Нәресте мен нәресте модулінің арасы нәрестеден келетін дыбыстарды сезу үшін тым алыс болуы мүмкін. Нәресте модулі нәрестеден 1-1,5 метр (3,5 - 5 фут) алыс орналасқанын тексеріңіз.

Неге экрандағы бейне түнгі көрініс режимінде анық көрінбейді?

- Нәресте мен нәресте модулінің арасы тым алыс болуы мүмкін. Нәресте модулі нәрестеден 1-1,5 метр (3,5 - 5 фут) алыс орналасқанын тексеріңіз.
- Инфрақызыл шамдар қосулы кезде жасыл суретті көруге де болады. Бұл сыртқы факторларға байланысты қалыпты жағдай болып табылады.

Нәрестені қадағалайтын құрал.

Өндіруші: "Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.", Туссендиепен 4, 9206 АД, Драхтен, Нидерланды.

Ресей және Кедендік Одақ территориясына импорттаушы: "Филипс" ЖШҚ, Ресей Федерациясы, 123022 Мәскеу қаласы, Сергей Макеев көшесі, 13-үй, тел. +7 495 961-1111.

SCD603: 230 V, 50 Hz.

SCD603: Li-ion.

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған.

Кепілдік бойынша қызмет көрсету жөніндегі сұрақтарға жауап алу үшін тауарды сатып алған жерге хабарласыңыз. Өнімнің жарамдылық мерзімі сатып алған күннен бастап 2 жыл. Барлық қосымша ақпаратты 8 75 11 65 01 23 телефонына қоңырау шалу арқылы Ақпарат орталығынан алуға болады (стационарлық телефон арқылы Қазақстан Республикасы аумағына қоңырау шалу тегін). По вопросам гарантийного обслуживания обратитесь по месту приобретения товара. Срок службы изделия 1 год с даты продажи. Всю дополнительную информацию можно получить в Информационном центре по телефону 8 75 11 65 01 23 (бесплатный звонок на территории РК со стационарных телефонов).



www.philips.com/AVENT

Philips Consumer Lifestyle BV
Tussendiepen 4, 9206 AD Drachten, Netherlands

**Trademarks owned by the Philips Group.
©2014 Koninklijke Philips N.V. All rights reserved**

